

переход в хроническую форму, спленизацию, развитие абцессов, некроз, карнификации (пневмосклероз).

Ключевые слова: бронхопневмония, абсцесс, некроз, гистоморфология, альвеола, альвеоцит, эпителий, процесс, ткань, карнификация, исход.

ӘОЖ 636.1/637.5-61:631.15

Әзілханова Ж., Шаугимбаева Н., Құмғанбаева Р., Құлатаев Б.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

«ОЛЖА» ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛЫН БОРДАҚЫЛАУ

Аннотация

Мақалада Жамбыл облысы, Мерке ауданы, «Олжа» шаруашылығында өсірілетін қазақтың ақбас тұқымы мен жергілікті тұқымдарын азықтандыруы бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстардың нәтижесі берілген.

Түйін сөздер: ірі қара, тұқым, желі, ет, азық, іріктеу, етті тұқым, бұқа.

Кіріспе

Тұқымға қалдырылмаған таналар жедел өсіріліп бордақылауға қойылады да етке тапсырылады. Оларды 3-4 ай, ал ересек ірі қараны 2-3 ай бордақылау барысында ет түсімі өсіріліп ет сапасы жақсартылады. Бордақылаудағы ірі қара жоспарланған тірі салмағы мен тәуліктік салмақ қосуына сәйкес азықтандырылады /19-шы кесте/. Салмақ қосуында ауытқулар болса, азықтандыру нормасынан әрбір 100 г салмақ қосымына 0,5 азық өлшемі қосылып не алып тасталады.

Мал бордақылау кешені құрамына бордақылау алаңдары, мал азығын сақтау алаңы, сүрлем мен пішендеме дайындау және сақтау орындары, мал қиын биотермиялық өңдеуге арналған орындар, кәріз суларын биологиялық тазалаудан өткізу ғимараты, мал сою пункті, ветеринарлық және өзгеде шаруашылық ғимараттар кіреді. Бұл құрылыстардың барлығы 42 га жер көлемінде орналасқан және толығымен темір бетон қабырғалармен қоршалып оқшауландырылған. Кешеннің құрылымдарындағы ғимараттардың шаруашылықтарына қажетті, мал суғаруға керек көлемдегі су орталықтандырылған құбырлар жүйесі арқылы беріледі. Бордақылау алаңдары және қоралар, американдық автоматтық толтыру және жылдың салқын маусымында суды жылыту жүйесі бар арнайы су науаларымен жабдықталған.

Зерттеулер нысаны мен әдістері

Ғылыми-зерттеу нысаны ретінде Жамбыл облысы, Мерке ауданы, «Олжа» шаруашылығында қазақтың ақбас тұқымы мен жергілікті ірі қара тұқымдары алынды.

Бұнда алға қойған мақсат - етті бағыттағы ірі қара тұқымдарын Мерке аймағында көбейту, отандық жергілікті малдың тұқымдарын көп өсіру болып табылады. Барлығына бірдей азық рационын құру арқылы өндірістегі шығын көлемін азайтып, табыс көлемін көбейтуге негізделген.

Зертеу нәтижелері және оларды талдау

Қазіргі кезде мал бордақылау алаңында ірі қара малы (бұқашықтар) бордақыландыру түр. Шаруашылықта ірі қараның 2 тұқымы өсіріледі: Қазақтың ақбас сиыры мен жергілікті тұқым малы.

Бордақылау кешеніндегі мал азығын сақтау алаңы жоңышқа, шөп орамдарын маялап жинауға арналған және трактор, шөп турауға арналған құрылғы механизмдердің

жұмысына ыңғайланып жасалынған. Ал сүрлем мен пішендеме дайындауға және сақтауға арналған бетон темірден жасалған биіктігі 2,5 м траншеялар 13-14 мың тонна сүрлем мен пішендеме дайындауға мүмкіндік береді. Бордақыдағы малдарды жеммен үздіксіз қамтамасыз ету үшін мал бордақылау алаңынан оқшау орналасқан, арнайы жабдықталған (француздық жабдық) құрама жем зауыты да іске қосылған. Тұқымға қалдырылмаған таналар жедел өсіріліп бордақылауға қойылады да етке тапсырылады. Оларды 3-4 ай, ал ересек ірі қараны 2-3 ай бордақылау барысында ет түсімі өсіріліп ет сапасы жақсартылады. Бордақылаудағы ірі қара жоспарланған тірі салмағы мен тәуліктік салмақ қосуына сәйкес азықтандырылады /1-ші кесте/. Салмақ қосуында ауытқулар болса, азықтандыру нормасынан әрбір 100 г салмақ қосымына 0,5 азық өлшемі қосылып не алып тасталады.

Етке өсірілетін бұзаудың әрбір 100 кг салмағына 1-ші айда килограммында 2,4 а.ө. бар 1,9 кг құрғақ зат қажет болса, 2 айында 2,1 а.ө. шоғырланған 1,8 кг, 3-і айда 1,4 а.ө. шоғырланған 2,3 кг, 4-і айда 1,2 а.ө. шоғырланған 2,5 кг, 5-6 айларында 1,1 а.ө.

Бордақыланатын малдың азығы мейлінше арзан болғаны жөн. Осы мақсатпен техникалық өндіріс қалдықтары (жем, барда, мезга) кеңінен пайдаланылады. Бордақылау мерзімі үш кезеңге бөлінеді: бастапқы кезеңде (алғашқы 20-25 күн) бордақылауға қойылған мал негізгі азыққа үйретіледі; келесі кезеңде (ортадағы 40-60 күн) оған негізгі азық мүмкіндігінше қош беріледі, соңғы үшінші кезеңде (аяққы 25-30 күн) негізгі азық молшері; біршама азайтылады да, оның орнына малдың төбетін арттырып, етінің сапасын жақсартатын пішен мен жем мөлшері көбейтіледі. Техникалық азық қалдықтары өте сулы (90%) келеді. Олардың химиялық құрамында құнарлы қоректік заттар тым аз, сондықтан бордақыланған малдың еті су татып, дәмсіз болуына осылай жол бермейді. Етке тапсырылатын малды жазда жайып семіртеді.

Кесте1 - тірілей салмағы 240 кг бұқашықтардың жаздық рационы

Азық түрлері	Салмағы, кг	Азықтық өлшем	Алмасу энергиясы, МДж	Азық құрамы				
				Протеин, г	Қант, г	Са,г	Р, г	Каротин, г
Пішен (жоңышқа)	2,0	0,8	13,44	202	40	34	4,4	98
Жүгері сүрлемі	10,0	1,8	23	140	60	14	4	200
Пішендеме (жоңышқа)	3,0	0,96	12,5	99	48	32,7	3	120
Жем қоспалары (арпа, бидай ұнтағы, күнжара т.б.)	1,5	1,5	15,74	127,5	3	3	5,85	-
Барлығы	-	5,06	64,68	568,5	151	83,7	17,25	418
Кезең бойынша	910,8							

1 кг салмақ қосу үшін $910,8:(262-161)=9,01$ азық өлшемі, ал 1 азық өлшеміне $(568,5:5,06)$ 112 г қорытылатын протеин жұмсалған.

Бұл рационда 240 кг салмақтағы бұқашықтарға арналып құрылған. Рационда, жүгері сүрлемі, пішендеме (жоңышқа), арпа, бидай сабаны, құрама жем – осы қолда бар азықтардан құрылды.

Кесте 2 - Тірілей салмағы 300 кг бұқашықтардың рационы

Азық түрлері	Мөлшері кг	Азықтық өлшем	Алмасу энергиясы, МДж	Азық құрамы				
				Про теин, г	Қант г	Са, г	Р, г	Каротин, г
Жүгері сүрлемі	13	2,6	25,9	182	78	18,2	5,2	260
Пішендеме (жоңышка)	5	1,5	20,95	355	95	54,5	5	200
арпа, бидай сабаны	3	0,6	14,28	15	9	8,4	2,4	12
Құрама жем	1,5	1,5	15,75	127,5	3	3	5,85	
Барлығы	-	6,2	76,88	679,5	185	84,1	18,45	472
Кезең бойынша	930							

1 кг салмақ алу үшін $930:(369-262)=8,69$ азық өлшемі, ал 1 азық өлшемге $(679,5:6,2) 109,5$ г қорытылатын протеин жұмсалған.

Қорытынды

Жамбыл облысы, Мерке ауданы, «Олжа» шаруашылығында қазақтың ақбас тұқымы мен жергілікті тұқым малдарын азықтандыруы бойынша жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесі бойынша азықты үнемдеп, қолда бар азықпен тиімді азықтандыру көрсетілген.

Әдебиеттер

[1] Аманжолов К.Ж., Мелдебеков А.М., Супиева Х.Т. Пути повышения качества говядины // Аналитический обзор. – Алма-Ата, 1986.-С.58-59.

[2] Заяс Ю.Ф. Качество мяса и мясапродуктов. – М.: Легкая и пищевая промышленность. -1981. -499 с.

[3] Авдалян Я.В., Зизюков И.В., Щегольков Н.Ф. Мясная продуктивность бычков различной породной принадлежности. Зоотехния. 2016.-.№2.- С. 21-23.

Азилханова Ж., Шаугимбаева Н.Н., Кумганбаева Р.М., Кулатаев Б.

Казахский национальный аграрный университет, Алматы

ОТКОРМ КРУПНОРОГАТОГО СКОТА В ХОЗЯЙСТВЕ «ОЛЖА»

Аннотация

В статье приводятся результаты научно-исследовательской работы по изучению эффективного кормления, местной породы и казахской белоголовой породы разводимых в хозяйстве «Олжа» Меркинского района Жамбылской области.

Ключевые слова: крупнорогатый скот, порода, линии, мясо, корм, подбор, мясные породы, бычок.

Azilhanova Zh., Shaugimbaeva N., Kumganbayeva R., Kulatayev B.

Kazakh national agrarian university

FATTENING OF CATTLE ON THE FARM «OLZHA»

Abstract

The article presents the results of research work on the study of effective feeding, local breed and Kazakh white-headed breeds of the farmed "Olzha" Merkinsky district of Zhambyl region.

Key words: cattle, lines, meat, food, selection, meat seed, bull.

ӘОЖ:608.2:62

Әлмұханова А.Б., Велямов М.Т.
Қазақ ұлттық аграрлық университеті

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСЫЛЫСТАР ҚОСЫЛҒАН АРНАЙЫ НАН ТАЯҚШАЛАРЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Диабеттің алдын алуға арналған нан таяқшаларының рецептін даярлауға табиғи биологиялық белсенді қосылыстар негізделді. Биологиялық белсенді қосылыс ретінде жіңішке дисперсті көкөністі, жеміс-жидекті ұнтақтар қолданылды. Жіңішке дисперсті көкөніс және жеміс ұнтақтарының, СО₂-экстрактыларының тәттілендіргіштердің нан өнімдері сапасына әсері зерттелді. Зерттеу нәтижесінде ұн массасынан алма, жүзім, томпинамбур, асқабақ ұнтақтары 10%; корица СО₂-экстракті, мускат жаңғағы, лимон 0,05% және шоколад 0,2%, тәттілендіргіш 0,12% құрамды өнімдер ең жоғарғы көрсеткіштерді көрсетті.

Кілт сөздер: Қант диабеті, биологиялық белсенді қосылыстар, диабетке арналған нан өнімдері, жіңішке дисперсті көкөністі, жеміс-жидекті ұнтақтар, СО₂-экстрактар, тәттілендіргіштер, сапа көрсеткіштері.

Кіріспе

Қант диабеті әлеуметтік мәні бар ауру болып табылады. (ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы №367 бұйрығымен бекітілген). Халықаралық диабет федерациясының мәліметі бойынша 2016 жылы дүние жүзіндегі қант диабетімен ауыратын адамдар саны 400 миллионға жеткен. Оның ішінде 94% диабеттің 2 типімен ауыратын науқастар.

2 типтегі диабеттің дамуын дұрыс тамақтану, диетотерапия, физикалық белсенділікті арттыру арқылы алдын алуға болады.

Диетотерапия- фармокологиялық препараттарға деген қажеттілікті төмендететін, үнемі нәтижелі әсер ететін әдіс. Қант диабетімен ауыратын науқастардың көпшілігінде тағам рационында құндылығы, жануар майы және холестерин құрамды тағамдарды жоғары пайдалану, тағам талшықтарын, дәрумендер мен микроэлементтердің жетіспеушілігі көрінеді.

Диетаның энергетикалық құнын, нәруыз, май, көмірсу, тағам талшықтарының дәрумендер, макро- және микроэлементтердің қатаң қадағалау қант диабетінің 2 типіне оңтайлы балансты диета болып табылады.

Нутрициология мәліметі бойынша диетотерапияда гликемиялық индексі тағамдар қолдану ұсынылады. Қазіргі таңда елімізде табиғи биологиялық белсенді заттар негізінде жасалған диабеттің алдын алуға арналған арнайы нан өнімдерін жасаудағы зерттеулер жеткіліксіз, жасалатын өнімнің түрі тек нан мен ғана шектелген.

2 типтегі қант диабетімен ауыратын адамдар үшін қандағы глюкозаны әрқашан қалыпты деңгейде ұстап отыру маңызды. Дұрыс тамақтанбаған немесе тамақтанбаған